

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән: 98454 Қаржы-цифрлық ортаны нормативтік реттеу.
Білім беру бағдарламасы «6В04109 Цифрлық экономика»

Курс – 4

Семестр – 7

Кредиттер саны – 5

Білім беру формасы: күндізгі

Алматы 2025 ж.

Қорытынды емтихан бағдарламасы мамандық бойынша білім беру
бағдарламасына негізделді «БВ04109 Цифрлық экономика»
Доктор PhD аға оқытушы Қожабек Қ.М.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және академиялық саясатқа сәйкес «6В04109 Цифрлық экономика» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасын меңгеру, пәнді оқу емтихан тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтиханға және қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу жоспарлары мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес пән бойынша оқу процесін аяқтағаннан кейін тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан Академиялық күнтізбеде және жұмыс оқу жоспарында белгіленген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттер осы кезеңдегі қорытынды бақылауға кредитті төлеу және курсты қайталау арқылы ғана жіберіледі. Апелляция беріледі. Емтихан нәтижесі бойынша 25 балл қанағаттанарлықсыз баға алған студент ЖОО бұйрығымен курсты қайталауға тіркеледі және FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін берілген денсаулық жағдайы туралы құжаттар қаралмайды.

Бағаны көтеру мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексеріліп, бекітіледі.

Емтиханды өткізу ережелері

Емтихан пішімі стандартты ауызша офлайн болып табылады. Ауызша емтихан: дәстүрлі – сұрақтарға жауаптар. Ауызша емтихан – емтихан кестесіне сәйкес студентті оқытушы немесе емтихан комиссиясының өкілдері қабылдайды. Комиссия емтиханның басынан аяғына дейін емтихан талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Емтихан форматы — офлайн, ауызша.

Емтихандар факультет бекіткен кестеге сәйкес қабылданады.

Студенттің ауызша емтиханды тапсыру процесі емтихан билетін таңдау түрінде жүзеге асырылады, оған магистрант емтихан комиссиясына ауызша жауап беруі керек. Ауызша емтиханды өткізу кезінде комиссия міндетті түрде өткізеді.

Ауызша емтихан өткізіледі:

* бекітілген аудиторияда ;

* комиссия құрамымен.

Емтихан өткізілуін бақылау

Оқытушы немесе емтихан комиссиясы

* емтихан талаптарын түсіндіреді,

* билет сұрақтарының қайталанбайтынын

тексереді.

Ұзақтығы

Дайындалу уақытын – емтихан алушы немесе емтихан комиссиясы анықтайды. Жауап беру уақытын да – емтихан алушы немесе емтихан комиссиясы белгілейді. Билеттегі барлық сұрақтарға жауап беру үшін 15–20 минут беріледі.

Емтихан өткізу кестесі магистранттар мен оқытушыларға алдын ала белгілі болуы тиіс, яғни емтихан бекітілген аудиторияда, бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Бұл – кафедралар мен факультеттердің жауапкершілігі.

Емтихан форматы – офлайн, ауызша. Білім алушы емтиханды нақты уақыт режимінде, яғни «осында және қазір» тапсырады.

Емтиханның ұзақтығы – бекітілген кестеде көрсетілген күні мен уақытына сәйкес өтеді.

Билеттер магистранттар үшін автоматты түрде жасалады.

Оқытушы

1. «Қорытынды емтихан бағдарламасы» Univer жүйесінде орналастырылған және пән бойынша қорытынды емтихан pdf форматында ұсынылуы тиіс, онда:

- * емтихан өткізу ережелері;
- * бағалау саясаты;
- * өткізу кестесі;
- * емтихандарды өткізу платформасы;

Маңызды. Емтихан сұрақтарын жариялауға тыйым салынады. Пән бойынша қарастырылған сұрақтарды қорытынды емтихан бағдарламасы ғана жазады.

2. Кестеде емтихан күні белгіленгеннен кейін оқытушы магистранттарға бітіру емтиханын өткізу ережелері қай жерде орналасқанын хабарлауға міндетті.

Емтихан ережелері жарияланады:

- * емтихан тапсыру тәртібі,
- * дайындық уақыты,
- * жауап беру уақыты;
- * қажет болған жағдайда жауап тезистерін қағазға жазуға мүмкіндік береді;
- * қаламмен;
- * емтихан алушы парақты көрсету керектігін ескертеді.

Оқытушы:

1. емтихан тапсырушының аты-жөні мен әкесінің атын жариялайды;

2. емтихан тапсырушыдан жеке басын куәландыратын құжатты (жеке куәлік немесе паспорт) көрсетуін сұрайды. ID-карта бойынша емтихан қабылдау тыйым салынады;

3. қосымша ақпарат көздерін пайдалануға тыйым салынатынын ескертеді;

4. емтихан комиссиясының төрағасы магистранттың толық атын атайды, емтихан билетінің сұрақтарын оқиды;

5. комиссия студент айтқан сұрақтарды кейінгі сұрақтар үшін жазады;

6. жауап дайындауға уақыт береді:

- * дайындалу уақыты оқытушы және/немесе комиссия мүшелері арқылы анықталады;
- * Комиссия мүшелері мен оқытушы магистранттың дайындалу процесін қадағалайды;
- * Қажет болған жағдайда студенттің жауабын ескерту немесе тоқтату құқығы бар (емтихан ережесін бұзу жағдайында акт толтырылуы мүмкін);

- * Студенттерге жауап конспектісін құрастыру үшін жобаны пайдалану рұқсат етіледі.
 - * Студенттерге жауап конспектісін құрастыру үшін жобаны пайдалану рұқсат етіледі.
6. Студенттен билет сұрақтары бойынша сұрақтар қойылады;
 7. Жауап аяқталғаннан кейін емтихан алушы студентке аудиториядан шығуға рұқсат береді;
 8. Кейінгі емтихан алушылармен де процедура қайталанады.

Студенттер

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! СТУДЕНТ ЕМТИХАН ҚАБЫЛДАУ ҮШІН КОМИССИЯНЫҢ ЖЕКЕ ШАҚЫРУЫНА ДЕЙІН БИЛЕТТІ АША АЛМАЙДЫ. ТЕК КОМИССИЯНЫҢ РҰҚСАТЫ БОЙЫНША ҒАНА СТУДЕНТ ӨЗ БИЛЕТІН АШАДЫ.

Емтихан басталған кезде комиссия шақырған студент жеке куәлігін көрсетеді.

Маңызды: Емтихан басталғанға дейін кез келген емтихан билеттерін студенттерге жариялау және жіберу тыйым салынады.

Ауызша емтихан бойынша бағалау балдарын қою уақыты — 48 сағат

Сонымен:

1. Емтихан кестеге сәйкес өткізіледі.
2. Студенттер мен оқытушы емтихан күні мен уақытын алдын ала білуі керек.
3. Пән бойынша қорытынды емтихан құжатын Univer жүйесіне орналастырыңыз.
4. Емтихан алдында студенттерге алдын ала кеңес беріледі.
5. Емтихан комиссиясының төрағасы емтихан талаптарын түсіндіреді.
6. Оқушылардың 48 сағат ішінде жинаған ұпайлары аттестаттау актісіне енгізіледі.

Бағалау саясаты. Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқу нәтижелерін бағалау (аралық бақылаумен емтихандарда құзыреттердің дамуын тексеру).

Бағалау саясаты:

Бағалау критерийі: дескрипторларға сәйкес оқу нәтижелерін бағалау, аралық бақылау және емтихан кезінде құзыреттіліктердің (оқыту нәтижелері) дамуын тексеру.

Емтихан жауаптарын бағалау студент жауабының толықтық дәрежесін ескере отырып, 100 баллдық шкала бойынша жүргізіледі:

Баға	Критерии
Өте жақсы	1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілді; 2. Практикалық тапсырма толығымен шешілді; 3. Материал логикалық жүйелілікті сақтай отырып, дұрыс берілді; 4. Шығармашылық қабілеттері көрсетілді.
Жақсы	1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауаптар берілді, болмашы қателер немесе дәлсіздіктерге жол берілді; 2. Практикалық тапсырма орындалды, бірақ болмашы қатеге жол берілді; 3. Материал логикалық жүйелілікті сақтай отырып, дұрыс берілді.
Қанағаттанарлық	1. Теориялық сұрақтарға жауаптар негізінен дұрыс, бірақ толық емес; сөз тіркестерінде дәлсіздіктер және логикалық қателер бар; 2. Практикалық тапсырма толық орындалмаған; 3. Материал дұрыс берілген, бірақ логикалық жүйелілік бұзылған.
Қанағаттанарлықсыз	1. Теориялық сұрақтардың жауаптарында өрескел қателер бар; 2. Практикалық тапсырма орындалмаған; 3. Жауапты ұсынуда грамматикалық және терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.

Бағалау әріптік жүйе бойынша	Сандық эквивалент	Ұпайлар (% көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	94-90	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Емтиханға дайындалудың негізгі тақырыптары:

Тақырып 1. Пәнге кіріспе. Қаржы-цифрлық ортаның түсінігі, мақсаты, міндеттері

Қаржылық және цифрлық ортаның қалыптасуы мен дамуының құқықтық

аспектілері. Цифрды кешенді құқықтық реттеу тұжырымдамасы

экономика. Қаржылық және цифрлық ортаны реттеу саласындағы халықаралық келісімдер.

Тақырып 2. Құқықтың даму тенденциялары және қаржылық және цифрлық ортадағы қатынастарды құқықтық реттеу.

Цифрлық экономикада қолданылатын зияткерлік меншік объектілері. Цифрлық ортада ақпаратты құру және тарату бойынша қатынастарда қолданылатын зияткерлік құқықтардың түрлері. Сертификаттармен қорғалатын зияткерлік меншік объектілері. Цифрлық ортадағы қатынастарды құқықтық реттеу.

Тақырып 3. Интернетте ақпаратты құру және тарату кезіндегі қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеу.

Цифрлық саладағы ерекше құқықтар: объектілер, шекаралар, жүзеге асыру шектері. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Интернетте таралатын ақпарат түрлері. Интернетте таратуға тыйым салынған ақпарат. Цифрлық ортада ақпаратты таратуды реттейтін құжаттар. Айрықша құқықтардың түсінігі және түрлері.

Тақырып 4. Ақпараттық технологиялар саласындағы нормативтік-құқықтық реттеудің негіздері: жасанды интеллект технологиялары, нейрожелілердің құқықтық режимі

Жасанды интеллект технологияларын пайдалануды реттейтін құжаттар. Жасанды интеллект түрлері және жекелеген бағыттарды құқықтық реттеудің негізгі мәселелері. Жасанды интеллект технологияларын қолданудағы тәуекелдер. Нейрожелілер: ұғымы, жіктелуі және құқықтық реттелуі.

Тақырып 5. Ақпаратты жинау, беру, сақтау, өңдеу, оған қол жеткізу және жеке деректерді өңдеу саласындағы құқықтық реттеу.

Жеке деректер: анықтамасы, түрлері, жеке деректерді өңдеудің құқықтық негіздері. Ақпараттың құпиялылығы: ұғымы, реттелу ерекшеліктері, жұмыс істеу ережелері. Ақпаратты жинау, беру, сақтау, өңдеу және оған қол жеткізу саласындағы заңнаманың дамуының негізгі бағыттары. Жеке деректерді өңдеуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнама. Ақпаратты жинау, беру, сақтау, өңдеу және оған қол жеткізу саласындағы қызметті реттейтін ұйымдар. Жеке деректерді дербестендіру (обезличивание). Әртүрлі құпия түрлерінің құқықтық режимін және ақпаратты жинау, беру, сақтау, өңдеу, оған қол жеткізу мен жеке деректерді өңдеу салаларындағы заңсыз әрекеттер үшін жауапкершілікті айқындайтын заңнама.

Тақырып 6. Цифрлық экономиканы мемлекеттік реттеудің ұғымы және негізгі бағыттары. Бірыңғай қаржы-цифрлық сенім кеңістігін қалыптастыруға арналған құқықтық алғышарттар.

Цифрлық орта жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістері. Мемлекеттік реттеудің құралдары. Ғылыми және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың нысандары. Қазақстан Республикасындағы цифрландыру үдерістерін мемлекеттік реттеу тетігінің құрылымы.

Тақырып 7. Ақпараттық инфрақұрылым және қауіпсіздік.

Деректерді беру, өңдеу және сақтау бойынша жаһандық бәсекеге қабілетті инфрақұрылымды құру. Құрылыс пен қалалық шаруашылықты басқаруға цифрлық технологияларды енгізу – «Ақылды қала». Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдер және оларды еңсеру жолдары (жеке тұлғаның қорғалуы деңгейін, ақпараттық қауіпсіздікті және жалпы қолданыстағы байланыс желілерінің тұрақтылығын арттыру; азаматтардың жеке деректерін қорғауға кепілдік беретін жаңа сервистерді (қызметтерді) құру; ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жасалатын құқықбұзушылықтардың алдын алу және оларды анықтау; ақпараттық қауіпсіздік саласындағы отандық бағдарламалық қамтамасыз ету мен компьютерлік жабдықтарды әзірлеушілерді қолдаудың жаңа тетіктерін әзірлеу).

Тақырып 8. Цифрлық технологиялар және құқық.

Сквоздық (аралықсыз) цифрлық технологиялардың ұғымы және қасиеттері. Басым сквоздық цифрлық технологияларды (үлкен деректер, таратылған тізілім технологиялары, кванттық технологиялар, жаңа өндірістік технологиялар, өнеркәсіптік интернет, робототехника және сенсорика, сымсыз байланыс технологиялары, виртуалды және толықтырылған шынайылық) дамыту үшін құқықтық алғышарттар. Сквоздық цифрлық технологияларды (негізінен отандық әзірлемелер негізінде) жасау – Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық міндеттерінің бірі. Робототехника саласындағы құқықтық қатынастарды салалық реттеу.

Тақырып 9. Электрондық бюджет. Ұғымы, құқықтық мәртебесі және жұмыс істеу тәртібі.

Электрондық және цифрлық бюджет, қалыптастыру ерекшеліктері. Мемлекеттік және жергілікті шығыстардың тиімділігін арттыру әдісі ретінде жобалық бюджеттік жоспарлау. Бюджетті жоспарлау және орындау үдерістеріне талдау, сатып алуларды басқару үдерістері, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы көрсеткіштерін жинау және талдау үдерістері.

Тақырып 10. Қаржылық құқықтық қатынастардың цифрлануы жағдайында қаржылық бақылауды ұйымдастыру.

Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық құралдарды пайдалана отырып қаржылық бақылауды ұйымдастырудың ерекшеліктері. Қаржылық бақылау нысандарының бірі ретінде салықтық мониторинг. Цифрлық құқықтық қатынастар ұғымы, олардың субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын бақылау. Мемлекеттік және жергілікті қажеттіліктер үшін сатып алулар саласындағы бақылау — сатып алулар саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйені пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Тақырып 11. Төлем құралдарының цифрлық формасы және цифрлық ортадағы мемлекеттік қаржылық бақылау. Криптовалюталарды пайдаланудың ерекшеліктері.

Цифрлық экономиканың ақша элементтері. Баламалы төлем жүйелеріндегі цифрлық валюталар. Цифрлық қаржылық активтер мен цифрлық валютаның айналымын реттеудің негізгі бағыттары.

Заңды төлем құралдарының цифрлық формасы. Криптовалюталардың ұғымы және қолдану ерекшеліктері. Цифрлық қаржылық активтер мен цифрлық валютаның айналымындағы заңсыз әрекеттерге жауапкершілік.

Тақырып 12. Цифрлық экономика жағдайында шарттық реттеудің ерекшеліктері.

Цифрлық экономика саласындағы шарттар ұғымы мен жүйесі. Цифрлық экономика жағдайында шарттық құқықтың трансформациясы. Блокчейн технологиясы. Цифрлық ортада шарттарды жасау және орындау ерекшеліктері. Инновациялық объектіні жасау туралы шарттар. Инновациялық қызмет объектілерін пайдалану құқығын беру туралы шарттар. Ұйымдастырушылық шарттар.

Тақырып 13. Қаржы-цифрлық ортадағы еңбек қатынастары. Смарт-келісімшарттарды пайдаланудың ерекшеліктері. Электрондық құжат айналымын жүргізудегі мәселелер.

Электрондық цифрлық қолтаңбаның құқықтық режимінің ерекшеліктері. Электрондық еңбек кітапшаларын енгізудің құқықтық негіздері. Смарт-келісімшарттарды қолдану және олардың қаржы-цифрлық ортадағы құқықтық реттелу мүмкіндіктері. "Ұмытылу құқығы".

Тақырып 14. Қаржы-цифрлық ортада құқықтарды қамтамасыз ету және қорғаудың құқықтық негіздері. "Цифрлық" криминалистика.

Цифрландыру жағдайындағы құқықтарды соттық қорғаудың трансформациясы. Цифрлық ортадағы сот өндірісі мен нотариаттың құқықтық шарттары. Нотариаттың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру және оның жұмыс істеуі. Цифрлық ортада дауларды онлайн баламалы реттеу механизмдері туралы заңнаманы дамыту негізгі бағыттары. Медиация процедурасының құқықтық шарттары. «Цифрлық» криминалистиканы қолдану.

Тақырып 15. Қаржы-цифрлық ортаның дамуына байланысты туындайтын қатынастарды қылмыстық-құқықтық қорғау.

Цифрлық технологияларды қолданумен жасалатын қылмыстардың жіктелуі. Азаматтар мен ұйымдарды қылмыстық-құқықтық тәуекелдерден қорғау әдістері. Цифрлық саладағы негізгі қауіптер. Цифрлық технологияларды пайдалануымен байланысты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік. Қылмыстық қылмыстармен күресудегі алдын алу шаралары.

Емтиханға дайындалу кезінде студентке келесі нормативтік құқықтық актілер мен әдебиетті оқуды ұсынамыз:

1. Цифровая экономика. Учебное пособие/ М.М. Ковалев, Г.Г. Головенчик. – Минск: Изд. центр БГУ, 2018. – 328 с.
2. Кулумбетова Д.Б., Маулина Н.Х., Асанова А.Б. Цифровая трансформация казахстанского банковского сектора на современном этапе развития //Научный вестник: Финансы, банки, инвестиции № 3. 2021.
3. Касенова Г.Е Современные финансовые услуги банков: учебное пособие /Қазақ Университеті- Алматы, 2021, 264с.
4. Глоссарий по цифровым финансовым услугам. Совместная публикация Всемирного почтового союза и Международного союза электросвязи. 2017 // <https://creativecommons.org/licenses/by-nc-sa/4.0/>
5. Цифровая трансформация финансовых услуг: модели развития и стратегии для участников отрасли. SKOLKOVO Business School – Ernst & YoungInstitute for Emerging Market Studies (IEMS) // <https://www.skolkovo.ru>.
6. Новикова Е.А Цифровизация финансового сектора: новые инструменты и перспективы их использования: Материалы конференции «Право, экономика и управление: от теории к практике». Чебоксары, 2020г.
7. Касенова Г.Е Финансовые риски: учебное пособие /Қазақ Университеті- Алматы, 2020, 264с.

8. Государственная программа "Цифровой Казахстан" от 12 декабря 2017 года // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827>

Қосымша:

1. Закон Республики Казахстан «О введении национальной валюты Республики Казахстан» от 12 ноября 1993г. // <https://online.zakon.kz>
2. Закон Республики Казахстан «О Национальном Банке Республики Казахстан». от 30 марта 1995 № 2155 (с доп.и изм. 03.03.2023г.) // <https://online.zakon.kz>
3. Закон Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республики Казахстан» от 31августа 1995. № 2444 (с доп.и изм. 03.03.2023г.). // <https://online.zakon.kz>
4. Закон Республики Казахстан от 4 июля 2003 года № 474-ІІ «О государственном регулировании, контроле и надзоре финансового рынка и финансовых организаций» (с доп.и изм. по состоянию на 12.09.2022 г.)
5. Закон РК от 24 мая 2021 года № 43-VІІ «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам регулирования банковской, микрофинансовой и коллекторской деятельности в РК», (с изм. и доп. по состоянию на 03.03.2023 г.) // <https://online.zakon.kz>
6. Концепция развития Open API и Open Banking в Республике Казахстан на 2023–2025 годы // <https://www.nationalbank.kz/>
7. Бюро национальной статистики. Информационный бюллетень. Проект Kazstat // <https://new.stat.gov.kz/ru/>.
8. Концепции развития Open API и Open Banking// <https://www.nationalbank.kz/>
9. Исследования Международного финансового центра «Астана» // <https://aifc.kz/ru/>
10. Краткий отчет Mobile banking rank Казахстан 2022 // <https://markswebb.ru/report/mobile-banking-rank-kz-2022/>
11. Концепция развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года от 26 сентября 2022 года // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200001021>

Интернет-ресурстар:

1. Официальный сайт НБРК // <http://www.nationalbank.kz>
2. Официальный сайт Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка // <https://www.gov.kz>
3. Официальный сайт Казахстанской фондовой биржи KASE // <http://www.kase.kz>
4. Аналитические дэшборды // Ranking.kz
5. Аналитический портал // <https://kapital.kz/finance>

Қорытынды бақылауды бағалау критерилерінің рубрикаторы

Пән: «Қаржы-цифрлық ортаны нормативтік реттеу».

Форма: ауызша (офлайн).

1 сұрақ. Максималды балл – 33						
№	Балл	ДИСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		27-33 балл	21-26 балл	15-20 балл	8-14 балл	0-7 балл
Критерийлер						
1	Пәннің теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі	Қаржы-цифрлық ортаның қалыптасу үрдістерін толық түсіну. Негізгі дереккөздерге сәйкес және өзекті сілтемелер (сөзбе-сөз үзінділер).	Қаржы-цифрлық ортаның дамуының негізгі мәселелерін түсінеді. Негізгі дереккөздерге сәйкес және өзекті сілтемелер (сөзбе-сөз үзінділер).	Қаржы-цифрлық ортаның дамуы мәселелерінің орташа деңгейдегі ұғымы. Негізгі дереккөздерге сәйкес және өзекті сілтемелер (сөзбе-сөз үзінділер).	Қаржы-цифрлық ортаның дамуы мәселелерін шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге сәйкес және өзекті сілтемелер (сөзбе-сөз үзінділер).	Қаржы-цифрлық ортаның дамуындағы мәселелерді беткей түсіну/түсінбеу. Негізгі дереккөздерге сәйкес және өзекті сілтемелер (сөзбе-сөз үзінділер) келтірілмейді.
2 сұрақ. Максималды балл – 33						
№	Балл	ДИСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		27-33 балл	21-26 балл	15-20 балл	8-14 балл	0-7 балл
Критерийлер						

2	Теориялары мен	Қазақстан Республикасының цифрлық экономика саласындағы қаржылық қатынастарды реттейтін заңнамасын өте жақсы талдайды. Дәлелдерді	Қаржы-цифрлық ортаның мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы олқылықтармен байланыстырады. Дәлелдерін эмпирикалық	Қаржы-цифрлық ортаның теориялық және практикалық мәселелері арасындағы шектеулі байланыс және олардың шектеулі қолданылуы.	Қазақстан Республикасының цифрлық технологиялар саласындағы заңнамасының шетелдік нормативтік-құқықтық актілермен нашар салыстырмасы. Эмпирикалық зерттеулердің	Қазақстан Республикасының цифрлық қаржы саласындағы заңнамасының шетелдік нормативтік-құқықтық актілермен өте нашар салыстырмасы.
---	-----------------------	---	---	--	---	---

	тұжырымдамал арын түсінуі	эмпирикалық зерттеулер негізінде (мысалы, салыстырмалы құқықтық немесе статистикалық талдау негізінде) мінсіз негіздейді.	зерттеулер фактілерімен нығайтады.		дәлелдерін шектеулі пайдалану.	Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем пайдаланбайды.
--	----------------------------------	---	------------------------------------	--	--------------------------------	--

3 сұрақ. Максималды балл – 34

№	Балл	ДИСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		28-34 балл	21-27 балл	15-20 балл	8-14 балл	0-7 балл
Критерийлер						
3	Теориялары мен тұжырымдамал арын түсінуі	Қаржы-цифрлық ортаның дамуы мәселелерін қою және өзектендіруге қатысты кейбір ұсыныстар ұсынады	Қаржы-цифрлық ортаның дамуына байланысты қазіргі проблемалар туралы жалпы ұғым берілген	Табиғатты қорғау қызметін жетілдірудің теориялық-әдіснамалық тұжырымдамаларды тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қаржы-цифрлық ортаның дамуына қатысты өзекті практикалық мәселелердің мазмұнын ашады, бірақ оларды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулыларымен байланыстырмайды	Қаржы-цифрлық ортаның даму мәселелерінің негізгі сұрақтары нашар ашылған.